

зандарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Елбасы жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсаң, солай бұралатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда берілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды.

Сұрақтар:

(Слайдпен жемқорлыққа байланысты сұрақтар)

1 Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлаужемқорлық па?

2Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі бір сыйлықты (гүл, торт, сағат) сыйласа жемқорлыққа жата ма?

Жоғарға оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларды үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе жемқорлыққа жатады ма?

Дөңгелек үстелді қорытындылау.